




«Суретте: созақтық Сұлтанбек Сиязбеков!»

Жақында «Егемен Қазақстан» газетінде «Таным» айдарымен «Аустралия газеттері қазақтар туралы не жазды?» деген тақырыпта көлемді мақала жарық көріпті. Онда Аустралиядағы ірі қалалардың бірі саналатын Сиднейде ағылшын тілінде шығатын «Mirror» атты басылымда қазақтардың әртүрлі кезеңдердегі тұрмыс жағдайынан хабар беретін тарихи мақаланың жарияланғаны айтылған. Сонымен қатар, 1943 жылы Ұлы Отан соғысында ерлік көрсеткен екі қазақ мергені жайлы ақпарат та олардың суретімен қоса беріліпті. «Суретте оң жақта тұрған – жауынгер Сиязбеков, ал, сол жақта тұрған – жауынгер Жәкеев» делінген. Бірақ, олардың есімдері мақалада көрсетілмеген.



Мен Ресей Федерациясының электронды әскери архивтерінен («Мемориал», «Память народа» және т.б.) осы жауынгерлер жайлы мәлімет іздедім. Жинақталған деректерден мергендік қызмет атқарған Сиязбеков тегімен Сұлтанбек есімді бір ғана жауынгер анықталды.

Табылған әскери архивтік құжатта «Сұлтанбек СИАЗБЕКОВ 1899 жылы ОҚО, Созақ ауданы, Шолақорған селосында дүниеге келген» деп жазылыпты. Ұлы Отан соғысына қай жылы шақырылғаны белгісіз, 158-ші атқыштар дивизиясында жауынгер-снайпер болған, 1943 жылдың 13 наурызында қаза тапқан екен. Жерленген жері «Смоленская обл., Бельский р-н, д. Федотцево» делінген. Әйелінің есімі Жұпар деп жазылған.

Бұл кісі сол кезде майдан даласында жоғалып, қайта

табылған болуы мүмкін. Немесе жараланып, госпитальға белгісіз болып түсіп, емделіп, соғысқа қайта барған болуы керек деп те топшылаймыз. Себебі, аустралиялық «Миррор» газетінде мергендер жайлы мақала 1943 жылдың қазан айында жарық көрген.

Жауынгер Сұлтанбек Сиязбеков туралы 1945 жылғы 14 желтоқсандағы тағы бір әскери архивтік құжатта 18-ші қосалқы атқыштар полкінің 2-ші батальонынан өліне қайтатыны жазылған. Онда «Военному комиссару Сузакского РВК Казахской ССР. Следует в Ваше распоряжение репатриант Сиязбеков Султанбек 1899 г. рождения, не подлежащий призыва в Красную Армию по возрасту, статья 39. На руки выданы проездные документы. Срок прибытия 20 декабря 1945 года. Начальник штаба: гвар-

дии подполковник Тойвскайнен» делінген. Осыған қосымша құжатта туған жері «Шымкент облысы, Түркістан стансасы, Созақ ауданы, Шолақорған селосы. Жету пункті – Түркістан стансасы» деп көрсетілген.

Демек, фотосуреттегі оң жақта винтовка ұстап тұрған жауынгер-мерген жерлесіміз – **Сұлтанбек СИАЗБЕКОВ**.

Шымкент қаласындағы Абай саябағында Түркістан облысынан екінші дүниежүзілік соғысқа қатысқан жауынгерлердің есімдері жазылған «Даңқ» аллеясы бар. Онда Созақ ауданынан майданға аттанғандардың арасынан С.Сиязбековтің де аты-жөнін көруге болады.

Сұлтанбек ақсақал сұрапыл соғыстан кейін, шамасы 1985 жылға дейін өмір сүрген-ау деп ойлаймын. Себебі, Ұлы Жеңіске 40 жыл толуына орай

мерейтойлық орден және медальмен марапатталғандардың арасынан оның аты-жөнін кездестірмедік. Сонымен қатар, фотосуреттегі екінші қазақ мергені Жәкеев туралы екіншіше қарай, архивтерден ешқандай мәлімет табылмады.

Майдангер Сұлтанбек Сиязбековтің туған-туысқандары, ұрпағы хабарласса, аталары туралы деректермен бөлісем деймін. Менің байланыс нөмірімді редакция арқылы алуға болады. Иә, сүйінші, аталарыңыздың фотосуреті табылды!

Омарбек ӘЛІБЕКОВ,
М.Әуезов атындағы
Оңтүстік Қазақстан
университеті
механика және машина
жасау кафедрасының
доценті.